

**Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
2022-2023 оқу жылының психологиялық қызметінің
жұмыс есебі.**

Психологиялық қызметінің мақсаты:

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау. Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметінің міндеттері:

- 1) Оқушылардың, жеке дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) Оқушылардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- 3) әр бір оқушыға, оның жеке басы психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) Психологиялық диагностика жүргізу және оқушылардың шығармашылық қабілетерін дамыту;
- 5) Оқушылардың психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Психологиялық қызметінің бағыттары:

1. Психодиагностика
2. Түзету-дамыту жұмысы
3. Профилактика және психологиялық ағарту
4. Консультация беру
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

I. Психологиялық қызметінің диагностика бағыты бойынша өткізілген жұмыс.

Қыркүйек-қазан айларында 1,5,10 сыныптарында бейімделу процестерін зерттеуге байланысты жоспар бойынша жұмыстар өткізілді.

Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау тесті/Керн-Йерасек тесті/ Тест школьной зрелости.

I сыныптарда өткіздім.

Тест үш графикалық және бір ауызша тапсырмадан тұрады. Бірінші тапсырма – ер адамның сыртқы пішінін салу, екіншісі - әріптердің жазба түрін көшіріп жазу, үшіншісі – нүктелер тобын көшіріп жазу. Әр тапсырманың нәтижесі бес ұпайлық жүйемен бағаланады (1-жоғары, 5-төменгі ұпай). Содан кейін үш тапсырма бойынша жиынтық баға шығарылады: 3-6 ұпайға дейін ортадан жоғары, 7-11-ге дейін орта, 12-15 ұпай нормадан төмен. 12-15 ұпай алған балаларды тереңірек зерттеу қажет. Өйткені, олардың ақыл-ойының дамуы төмен болуы мүмкін.

№1 тапсырма

«Қандай да бір ер адамның суретін сала алғаныңша сал» деп жазылған қағазды әр балаға көрсетеді. Бұдан басқа түсініктеме, көмек, түзету жұмыстары болмайды. Егер, балалардың барлығы қалай салу жөнінде сұрап жатса, онда психолог «Шамаң келгенше суретін сал» деген жауаптан таңбау керек. Егер бала бірден сурет салуға кірісіп кетсе, онда балаға жақындап: «Сен суретті әдемі салып жатырсың, сала ғой», - деп, мадақтап қою керек.

Кейде балалар: «Еркектің орнына әйелдің суретін салуға бола ма?» - деп сұрай бастайды. Мұндай жағдайда барлығының да ер адамның суретін салып жатқанын, сондықтан ол сол суретті сала бастаса, оны жалғастыруын қадағалау қажет. Одан кейін жанына ер адамның суретін салуды өтінген жөн. Суреттерді салып болған соң, қағаздарының екінші бетін аударту керек.

№2 тапсырма

Өріптердің жазба түрін көшіріп жазып беруді ұсыныңыз. Бақылаушы: «Қарашы, мына жерде жазулар жазылған. Сен әлі жазып үйренбегенсің, бірақ мына жазуларды жақсылап қарап алып, көшіріп жазып көрші» - деп ұсыныс білдіреді. Ең алдымен балаға жазып көрсетеміз. Тапсырманы орындау кезінде олардың әрекеттеріне бақылау жасай отырып, әрқайсысының ерекшеліктерін бақылаушы өзіне жазып алып отырғаны жөн. Сонымен қатар, оның қозғалысы қалай? Тапсырманы орындағанда бір орында отырады ма, әлде айналып, қозғалып отырады ма? Қарындашын жиі түсіріп алып, іздеп отырады ма? Үлгідегі сөйлемді қажетті жерге жазып отыр ма, әлде қалаған сызықтарын жүргізіп отыр ма? Осындай қимыл-әрекетіне көңіл бөліп, қажет жағдайларын түртіп алып отыру қажет.

№3 тапсырма

«Мына нүктелерге қарандаршы. Қазір осы нүктелердің жанына осындай нүктелер салып көресіңдер». Баланың іс-әрекеттеріне бақылау жасап отырамыз.


Тест нәтижелері

№		Тапсырма 1	Тапсырма 2	Тапсырма3	
1	Р1	1балл	2балл	1балл	4балл
2	Д2	3балл	3балл	1балл	4балл
3	А3	4балл	4балл	1балл	3балл
4	Я4	3балл	3балл	1балл	3балл
5	Б5	3балл	3балл	4балл	3балл
6	П6	1балл	3балл	2балл	3балл
7	Ж7	1балл	1балл	1балл	3балл
8	Д8	2балл	3балл	1балл	4балл

С.Г.Якобсон,В.Г.Шур «Баспалдақ» тесті. 1 «А», «Б» сыныптар

Мақсаты: баланың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.

Баспалдақ тесті бойынша нәтижесі. Қатысқан оқушылар саны-8



С.Г.Якобсон,В.Г.Шур «Баспалдақ» тесті 5 «А»,«Б» сыныптар.

Мақсаты: баланың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.


Баспалдақ тесті бойынша нәтижелер. Қатысқан оқушылар саны-9



Н.Г. Лусканова әдістемесі бойынша оқушылардың оқу мотивациясын анықтау

Әдістеменің мақсаты: Оқу мотивация деңгейін бағалау үшін.

5 "А" сыныпта жүргізілген сауалнама нәтижелері. Қатысқан оқушылар саны-4




Сынып жетекшісіне арналған ұсыныстар.

Оқушыларды мектеп пен сынып іс-шараларына тарту.

Педагог-психологқа арналған ұсыныстар.

Мотивацияны арттыру үшін тренингтер өткізу.

5 "Б" сыныбында жүргізілген сауалнама нәтижелері. Қатысқан оқушылар саны-5



Сынып жетекшісіне арналған ұсыныстар.

Оқушыларды мектеп пен сынып іс-шараларына тарту.

Педагог-психологқа арналған ұсыныстар.

Мотивацияны арттыру үшін тренингтер өткізу.

Қаңтар айында 9а сыныбынан «сынып оқушыларының арасында лидер және шеттеп қалған оқушыны, шағын топтарды анықтау» мақсатында алынған сауалнаманың қорытындысы

Қаңтар айында психологиялық қызмет 5,7,9 сыныптарда Джек Морено әдістемесі бойынша социометрия өткіздім.

Сыныптағы психологиялық климатты анықтауға.

Социометрия бойынша оқушылардың нәтижелері

Социометрия

Сыныбы: 5 «А»

Мақсаты: сынып оқушылары арасындағы қарым- қатынасты зерттеу.

Оқушыларға анкета ұсынылады:

1. Кіммен бір партада отырғың келеді?
2. Кіммен бірге жорыққа шыққың келеді?
3. Кімді туған күніңе шақырғың келеді?

№	Кім бағалайды	Кімді бағалайды			
		H1	C2	Қ3	H4
1	H1	*	3	2	1
2	C2	2	*	3	1
3	Қ3	3	3	*	-
4	H4	3	1	2	*

	<i>Барлығы</i>	<i>11</i>	<i>8</i>	<i>10</i>	<i>4</i>
--	----------------	-----------	----------	-----------	----------

Нәтижесі бойынша 5 «А» сыныпта

I – Лидер: Н1, К3

II – Беделділер: С2, Н4

III - Орта беделділер:

IV - Топтан қалмаушылар:

V - Шеттеп қалғандар: Жоқ

VI - Шағын топтар: жоқ

Сынып жетекшісіне ұсыныс:

Достық атмосферасын және сыныптағы досына көмектесуге шын ниетпен ниет ету өте маңызды.

Социометрия

Сыныбы: 7 «А»

Мақсаты: сынып оқушылары арасындағы қарым- қатынасты зерттеу.

Оқушыларға анкета ұсынылады:

1. Кіммен бір партада отырғың келеді?
2. Кіммен бірге жорыққа шыққың келеді?
3. Кімді туған күніңе шақырғың келеді?

№	Кім бағалайды	Кімді бағалайды									
		Д1	А2	А3	Д4	Ә5	Ф6	А8	Е9	Ж7	
1	Д1	*	-	-	3	1	-	1	2	-	
2	А2	1	*	2	-	1	-	3	-	2	
3	А3	-	2	*	-	-	-	2	-	3	
4	Д4	-	-	-	*	1	-	1	2	-	
5	Ә5	-	-	-	-	*	-	2	-	-	
6	Ф6	-	-	1	-	3	*	-	1	1	
7	Ж7	-	2	2	-	-	-	*	2	1	
8	А8	2	-	-	1	3	-	1	*	-	
9	Е9	1	2	2	-	-	-	2	-	*	
	<i>Барлығы:</i>	<i>4</i>	<i>6</i>	<i>7</i>	<i>4</i>	<i>12</i>	<i>5</i>	<i>14</i>	<i>8</i>	<i>7</i>	

Нәтижесі бойынша 7 «А» сыныпта

I – Лидер: А8, Ә5

II – Беделділер: Е9, Ж7, А3, А2

III - Орта беделділер: Д1, Д4, Ф6

IV - Топтан қалмаушылар:

V - Шеттеп қалғандар: Жоқ

VI - Шағын топтар: жоқ

Сынып жетекшісіне ұсыныс:

Кейбір балаларда өзіне деген сенімділікті дамытуға ықпал ету керек

Социометрия

Сыныбы: 9 «А»

Мақсаты: сынып оқушылары арасындағы қарым- қатынасты зерттеу.

Оқушыларға анкета ұсынылады:

1. Кіммен бір партада отырғың келеді?
2. Кіммен бірге жорыққа шыққың келеді?
3. Кімді туған күніңе шақырғың келеді?

№	Кім бағалайды	Кімді бағалайды								
		А1	Г2	Ж3	Д4	М5	А6	Ж7	М8	
1	А1	*	3	3	-	-	-	-	2	
2	Г2	2	*	2	-	-	1	-	3	
3	Ж3	1	2	*	-	-	-	-	1	
4	Д4	1	1	2	*	2	3	-	-	
5	М5	-	1	-	3	*	3	1	-	
6	А6	2	1	1	2	2	*	2	-	
7	Ж7	2	2	2	-	-	-	*	-	-
8	М8	2	2	3	-	-	-	-	*	
	<i>Барлығы:</i>	<i>10</i>	<i>12</i>	<i>13</i>	<i>5</i>	<i>4</i>	<i>7</i>	<i>4</i>	<i>6</i>	

Нәтижесі бойынша 9 «А»сыныпта

I – Лидер: Ж3,Г2,А1

II – Беделділер: А6,М8

III - Орта беделділер: Д4,М5,Ж7

IV - Топтан қалмаушылар:

V - Шеттеп қалғандар: Жоқ

VI- Шағын топтар: жоқ

Сынып жетекшісіне ұсыныс:

Достық атмосферасын және сыныптағы досына көмектесуге шын ниетпен ниет ету өте маңызды

Қараша айында ба сыныбынан «сынып оқушыларының арасында лидер және шеттеп қалған оқушыны, шағын топтарды анықтау» мақсатында алынған сауалнаманың қорытындысы

Мақсаты: Сынып оқушыларының арасында лидер және шеттеп қалған оқушыны, шағын топтарды анықтау.

Алынған сауалнама: Социометрия әдісі. (Қарым-қатынас социограммасы).

Сауалнамаға қатысқан сынып: ба

Қатысқан оқушы саны: 6

Сауалнама нәтижесі:

I – Лидер: Д1, Е2

II – Беделділер: Д3,Д4,Д5,Д6

III - Орта беделділер:

IV - Топтан қалмаушылар:

V - Шеттеп қалғандар: Жоқ

V I- Шағын топтар: жоқ

Сынып жетекшісіне ұсыныс:

-Кейбір балаларда өзіне деген сенімділікті дамытуға ықпал ету керек.

-Көбінесе ең маңыздысы - оқушы мен мұғалім арасында байланыс орнату. Балалар мұғалімнің балаға мұқият қарайтынын және оған жақсы қарайтынын көруі керек.

-Достық атмосферасын және сыныптағы досына көмектесуге шын ниетпен ниет ету өте маңызды.

Кәсіби бағдар іс-шаралар жоспары бойынша наурыз айында 9,11 сыныптарда оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын "Оқу мотивациясы" Карпова Г. А. сауалнама арқылы анықтадым. Мақсаты: оқушылардың оқу іс-әрекетінің саналы мотивтерін анықтау. Танымдық Коммуникативті Эмоционалды Өзін-өзі дамыту Оқушының позициясы Жетістіктер Сыртқы (көтермелеу, жазалау) Оқушылар өздерін саналы түрде бағалайды.

9 сынып	Танымдық	Коммуникативті	Эмоционалды	Өзін-өзі дамыту	Оқушының позициясы	Жетістіктер	Сыртқы (көтермелеу, жазалау)	Барлығы
1.А1	1	2	1	2	2	2	1	11жоғары
2.А2	3	1	1	2	1	3	1	12жоғары
3.С3	3	3	1	2	1	1	1	12жоғары
4.А4	1	3	1	2	1	1	2	11жоғары

11 сынып	Танымдық	Коммуникативті	Эмоционалды	Өзін-өзі дамыту	Оқушының позициясы	Жетістіктер	Сыртқы (көтермелеу, жазалау)	Барлығы
1.А1	3	2	1	4	3	3	1	15жоғары
2.А2	1	1	1	2	1	3	1	10орташа
3.А3	3	3	1	1	1	1	1	11жоғары
4.А4	1	3	1	2	1	1	1	10орташа
5.Р5	1	3	1	1	1	2	1	10орташа
6.А6	1	1	2	1	1	1	1	8орташа

3 сыныпта проективті әдістемесі бойынша «Кактус» тесттің өткіздім.

Мақсаты:оқушылардың эмоционалды жеке саласын зерттеу.

Қатысқан оқушылар саны-11

Бұл әдістемені орындау кезінде баланың эмоционалдық және жеке саласы зерттеледі. Оның көмегімен сіз оқушының агрессияға ұшырағанын, оның қаншалықты қарқынды екенін және ол неге бағытталғанын анықтай аласыз.

Жалпы тестің нәтижесі бойынша оқушыларда қорқыныш, үрей, мазасыздық жоқ. Отбасыларында болғанын, жанұяларын жақсы көреді. Агрессия деңгейі төмен. Өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары.

II. Түзету-дамыту бағыты бойынша өткізілген жұмыс.

Ақпан айында 5сынып жетекшісімен бірігіп бесінші сынып оқушыларына «Біз буллингке қарсымыз» атты тренинг өтті. Тренинг мақсаты: Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллинктің себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту.

Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалаудегенді білдіреді. Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай.

Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін. Ол: адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру сол жайында өсек тарату, оны елемеу немесе жекелету, ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою, ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру, қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту.

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?

Біреу саған күш көрсетпей, қорлап, қорқытқан да сенің жаныңа батады. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін, атап айтқанда: уайымдау, ұйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы, өзі жайлы жаман ойлау, өз-өзіне физикалық зақым келтіру, өлім туралы ойлау, сабақ үлгерімдерінің нашарлауы, ауыру, «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ойлау, өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу не ашулану,

Буллингті болдырмау шартын құру.

Баланы сәйкес күйзеліс әсерінен жылдам және сауатты бөлектеу.

Дені сау және сол сияқты соматикалық немесе психикалық патологиясы бар балаларда және жасөспірімдерде қудалауға қарсы тұруға денсаулықтың және тұлғаның күшін нығайту.

Біріктіруге арналған жаттығу «Су құбыры»

Жаттығудың мақсаты: ойын арқылы оқушыларды біріктіру.



1 «А», «Б» сынаптарында таңымдық процесстерді дамытуға арналған жаттығулар өткізілді. Қараша-желтоқсан айларында 1 сыныбы бейімделу кезеңін жеңу үшін оқушылармен түзету-дамыту жаттығулар мен ойындар жүргіздім.

Қатысқандар 1 сынып оқушылары. Қатысқан оқушылар саны-9.

Сабақтың мақсаты: Есте сақтауды дамыту. Саусақтардың іс-қимылын дамыту.

Зейінді, санауды дамыту. Ойлау мен санауды дамыту. Логикалық ойлауды дамыту. Зейінді дамыту. Математикалық қабілеттерді дамыту "Жоғары", "төмен", "оңға", "солға" ұғымдарын игеру. Ойлауды, математикалық әрекеттерді орындау қабілетін дамыту.



5 «А», «Б» сыныптарында қарым қатынасты дамытатын жаттығу, ойындар өткізілді. «Танысу» ойыны

Мақсаты: топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым-қатынастың белсенді стилін және кері байланыс алу тәсілдерін меңгеру. "Броундық қозғалыс" ойыны. Мақсаты: ұжымның бірлігіне ықпал ету; топта жұмыс істеуге, құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, бірлесіп шешім қабылдауға үйрету.

«Шеңберді бұзып кір» Мақсаты: өзіне өзі сенуге, жасқаншақтықты жеңе білуге, құрбыларының ұжымына кіруге көмектесу. «Серіктесе отырып сурет салу»

Мақсаты: топқа тұлға аралық қатынастарды анықтау, қатынас жасау қабілетін дамыту. «Отырған-тұрған» Мақсаты: эмоционалды сферасын дамыту.



Мектеп даярлық тобының оқушыларымен тағымдық процесстерді ойын, жаттығу арқылы дамыту. Ой-өрістерін өткізілген жұмыс бойынша арттыру. Зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін, логикалық ойларын дамыту.



2023ж. жазғы сауықтыру лагерінің психологиялық қызметінің жоспары бойынша жүргізілген жұмыстар.

Тренинг «Сәлем», тағымдық процесстерді дамыту. Біріктіру және тағымдық процесстерді дамытуға арналған ойындар. Қарым-қатынасқа арналған ойындар.



III. Профилактика және психологиялық ағарту жұмысы бойынша Қыркүйек айында бірінші қазақша және орысша сыныптарында ата-аналар жиналысын өткіздім.

Тақырып: «Бірінші сынып оқушыларының жаңа ортаға бейімделуі»
«Адаптация первоклассников»


Ата-аналар жиналысына қатысқан ата-аналар саны-10



Қыркүйек айында 5сынып ата-аналар жиналысын өткіздім.

Тақырып: «Бесінші сынып оқушыларының бастауыш сыныптан, орта буынға бейімделуі» «Адаптация пятиклассников»

Ата-аналар жиналысына қатысқан ата-аналар саны-10



Қыркүйек айында 10 сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздім.

Қатысқан ата-аналар саны-4.Тақырып: «10 сыныпқа оқушылардың бейімделуі»



2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм проблемасы туралы ақпарат тарату күні. Сол себепті 1-11 сыныптар арасында видеопрезентация көрсетіліп, жадынамалар таратылды.

«Бүгінгі күн аутизм спектріндегі балалардың ата-аналары үшін ерекше күн». Басты мақсат – халықты ақпараттандыру, адамдарға аутизмнің шын мәнінде не екенін түсіндіру, олардың кім екенін жеткізу және инклюзиялық қоғам құру. Алайда, бұл туралы тек осы күні ғана айту дұрыс емес. Себебі, «аутизм» диагнозы қойылған баламен қалай сөйлесу керектігін, онымен өзін қалай ұстау керектігін және оңалту курсы қайдан өту керек екендігін екіншісі біле бермейді. Сондықтан баршаға қол ұшын беру мүмкіндігі. Көк түс пен пазлдың бір бөлшегі бүкіл әлемде аутизмнің символикасы болып табылады. «Аутизм» диагнозы бар адамдардың тағдыры бізге бей-жай емес!



Қазан айынан бастап "Денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу" бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жоспары бекітілді. 8 сынып ата-аналардың рұқсаты бойынша келісім парағына қолдарын қойғыздым. Ата-аналар барлығы белсенді болды. Тақырып бойынша сұрақтар қойылды. Ата-аналар саны-12



Бастауыш сынып ата-аналарына психологиялық ұсыныстар берілді.



Мектеп даярлық тобының ата-аналарымен «Бірінші сыныпқа дайындық» атты жиналыс өткізіліп, ата-аналарға ұсыныстар айтылды.



Қаңтар айында бірінші сынып ата-аналар жиналысын өткіздім.

Тақырып «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»

Мақсаты: ата-аналардың көңіл – күйің жақсарту, бірігіп жұмыс істеу жүйесін дамыту, ой қозғату, әдістемелік көмектер беру.

Шаттық шеңбері

Сұрақтарға жауап беру. Сұрақтарды талдау

Негізгі бөлім

Ата — аналарға ұсыным

Рефлексия «Аяқ іздері»



Ақпан айында 7 сынып жетекшісімен бірігіп 7 сыныпта ата-аналар жиналысын өткіздік. Тақырып «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»»Мақсаты: ата-аналардың көңіл – күйің жақсарту, бірігіп жұмыс істеу жүйесін дамыту, ой қозғату, әдістемелік көмектер беру.

Жаттығу«Аяқталмаған сөйлем»

Мақсаты: Ата — анамен баланың ортасындағы қарым — қатынасты анықтау.

Ата — аналарға кеңес берілді.



Үлгерімі төмен оқушылар тұлғасының танымдық сферасын зерттеуге байланысты оқушының үлгермеушілігінің алдын алу жұмыстарының жоспары бойынша қазан

айыннан бастап жоспар құрып,бекіттім. Жыл бойы әр түрлі жұмыстар өткіздім.Танымдық түрдегі тапсырмалар, жекелеген өзіндік жұмыстар, сыныптан тыс шығармашылық іс-шараларға қатысып отырды. Үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетіліп тұрды. Үлгерімі төмен оқушыларды бақыладым,сабаққа қатыстым. Кеңес бердім, жадынамалар тараттым. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың жоспары бойынша қазан айыннан бастап жоспар құрып,бекіттім. Жыл бойы дарынды оқушыларға педагогикалық-психологиялық көмек көрсеттім. Дарынды оқушылар мектептік, аудандық, облыстық олимпиадаларға қатысып,жұлделі орын алып отырды.Ұсыныс беріп отырдым, жадынамалар тараттым. Жұмыс үстінде әр-түрлі әдіс-тәсілдерді қолдандым.Оқушыларды сұхбатқа шақырып отырдым.

Төртінші және тоғызыншы сынып оқушыларыменен ББЖМ психологиялық дайындық жұмыстарының жылдық жұмыс жоспары бойынша оқушыларды дайындау .

Мақсаты: «Қабылдау, есте сақтау, зейінді тұрақтандыру әдістері»бойынша, ББЖМ-ға дайындау.

ББЖМ-ға дайындау кезінде балаға ыңғайлы жағдай жасауға байланысты ата-аналарға кеңестер бердім, жадынамалар тараттым.

Қыркүйек айында төртінші және тоғызыншы сынып ата-аналарымен ақпараттық ББЖМ таңыстыру жиналысын өткіздім.Қатысқан ата-аналар саны-13.

IV. Консультация беру жұмысы бойынша келесі жұмыстар жүргізілді.

Қазан айында 5 сынып пән мұғалімдеріне кеңес беріп жадынама таратылды.

Нәтижесінде пән мұғалімдері кенестерді тындап,өз ара сұхбаттасып,өз ойларымен бөлісіп, бір нәтижеге келді.

1.Мұғалім шәкірттерін шын жүрекпен сүйе білуі керек және оқушылардың әдептілігін, әділеттілігін, ақыл парасаттылығын, жан-жақтылығын, ұстамдылығын, сезімталдығын бағалау қажет.

2. Баланың мінез-құлқын қалыптастыруда мадақтау тәсілдерін қолданған тиімді. Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарының жоспары бойынша қараша айында бірінші және төртінші сынып ата-аналарына «Қатыгездіз балалық шақ» атты видеопрезентация көрсетіліп,жадынама таратылды. Сәуір айында даярлық топпен төртінші сынып ата-аналарына және сынып жетекшілеріне балалардың бос уақытын жоспарлау туралы жадынама таратылды. Мамыр айында тоғызыншы және он бірінші сынып оқушыларына емтихан барысында өзінді қалай ұстау керек туралы жадынама таратылды.Мектеп жасындағы қыз балаларды жүкті болудан алдын-алу жұмыс жоспары бойынша қыркүйек айында бесінші,алтыншы,жетінші сынып оқушылар арасында, қыздарға қыз қандай болу керек? деген кеңес берілді.

Қаңтар айында сегізінші,тоғызыншы,оныншы,он бірінші сынып оқушыларына қыздарға дөңгелек үстел өткізіліп «Қызға қырық үйден тыйым» атты видеопрезентация көрсетілді.

Ақпан айында 8,9,10 сынып оқушыларына қыздарға және қыздардың аналарына «Жанұядағы қыздың тәрбиесі»атты тренинг өткізілді.

Мақсаты:Қыз балаларға адамгершілік,адалдық,іс-қимыл,жүріс-тұрыс дағдысы,қыз намысы,сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани адамгершілік,әдептілік,сыпайлық,тиянақтылық,имандылық,тазалық қасиеттерді дамыту.Жеке бас гигиенасын сақтауға,әдепсіздік пен азғындық жолға түспеуге тәрбиелеу.



Сәуір айында алтыншы,жетінші сынып оқушыларына қыздарға махаббат - мәңгі ертегі туралы әңгімелесу және кеңестер берілді. Мамыр айында оныншы ,он бірінші сынып қыздарына» ару қыздар – сұлулықтың символы» туралы кеңестер беріліп, жадынама таратылды.Жыныстық қол сұғылмаушылық алдын-алу жұмыстарының жоспары бойынша Қыркүйек айында «Баланың психологиялық даму ерекшеліктері» туралы ата-аналарға жадынамалар таратылды. Қараша айында бесінші-он бірінші сынып оқушылары үшін сұраныс бойынша жұмыс жоспарлады. Наурыз айында сегізінші-он бірінші сыныптар арасында бозбала мен бойжеткен арасындағы қарым-қатынас туралы жадынамалар,кеңестер берілді. Мамыр айында бастауыш сынып оқушыларына бөгде адамдармен қарым-қатынас жасау, жеке тұлғалық қауіпсіздік туралы видеопрезентация көрсетілді.

Оқушылар арасында суицидті болдырмаудың алдын-алу іс-шараларының жұмыс жоспары бойынша келесі жұмыстар жүргізілді.

Жыл бойы сұраныс бойынша бірінші және онбірінші сынып оқушыларыменен жекелей жұмыс жоспарланды. Қыркүйек айында бірінші және төртінші сыныптар арасында буллинг және кибербуллинг дегеніміз... туралы жадынама таратылды.

Сәуір айында 5-11сынып арасында «Кибербуллинг туралы не білеміз?» туралы дөңгелек үстел өткіздім.Оқушыларға ұсыныстар айтылып,жадынамалар таратылды.



Наурыз айында 10 сынып оқушыларыменен «Мамандық әлеміне саяхат» атты тренинг-ойын өткіздім.

Мақсаты: жоғары сынып оқушыларының кәсіби болашағына саналы көзқарасын дамыту.

Келесі 2023-2024 оқу жылына психологиялық қызметтің қойылатын ұсынысы:

1. 1, 5, 10 сынып оқушыларына бейімделу кезеңінде көмек көрсету
2. Мектепдаярлық тобының оқушыларына психологиялық көмек көрсету.
3. Жоғары сыныпта оқитын оқушыларға көмек көрсету.
4. Ата-аналармен сұраныс бойынша кеңес, консультация жүргізу
5. Оқушылардың әлеуметтік көзқарастарың дамыту.
6. Жүйкесі әлсіз оқушыларды диагностика арқылы анықтау.
7. Жас мұғалімдерге оқушылармен қарым-қатынасты нығайтуға ұсыныс беру.

Педагог-психолог Шокубасова А.М.